

«Қарағайлы кенті ЖББ №16 мектебі» КММ-сінің жаратылыстану-математика пән бірлестігінің 2023-2024 оқу жылында атқарылған жұмысына талдау

Жыл басында бірлестік мүшелерінің құрамы жоғарғы білімді – 12 педагог сарапшы – 1, педагог модератор – 3, санатсыз-8. Еңбек өтілдері 5- 34 жыл аралығында 9 мұғалім, жас маман 3 еңбек етеді.

| педагог сарапшы | | педагог модератор | | Педагог | | Жас маман | | Барлығы | |
|-----------------|----|-------------------|----|---------|----|-----------|----|---------|-----|
| саны | % | саны | % | саны | % | саны | % | Саны | % |
| 1 | 11 | 3 | 33 | 2 | 22 | 3 | 33 | 12 | 100 |

2021-2022 оқу жылы сапалық құрамы – 88%

2022-2023 оқу жылы сапалық құрамы – 77%

2023-2024 оқу жылында 5 мұғалім біліктілігін көтеру үшін өтініш ұсынды.

Жылдан жылға бірлестік мұғалімдерінің сапалық құрамында өсу өзгерісі жоқ.

Биылғы оқу жылында 2 мұғалім біліктілік арттыру курстарынан өтті.

Зерттеуші педагог, педагог сарапшы, педагог модератор біліктілігі санатындағы мұғалімдердің үлесін көбейту.

2023-2024 оқу жылдарында бірлестік мұғалімдері әр-түрлі байқауларға, олимпиадаларға және семинарларға қатысты. Айта кетсек биология пән мұғалімі Абдикешова Б.Т. «Биология сабақтарында PISA тапсырмаларын қолдану» тақырыбымен PISA халықаралық зерттеуіне қатысатын мектептерге облыстық семинарда онлайн сабақ өткізді. Математика пәні мұғалімі Карабаксина Г.И. «Шебер педагог» Республикалық ғылыми-әдістемелік педагогикалық журналға материал жариялап, іс тәжірибіесімен бөлісті. География пән мұғалімі Алтайбаева Ж.М. «География пәні бойынша интернет платформаларда оқушыларды олимпиадаларға дайындау әдіс тәсілдері» тақырыбында іс тәжірибіесімен бөлісті. Информатика пән мұғалімі Әділхан Н.Ә. Қарағанды облысының оқу-әдістемелік орталығы ұйымдастырған информатика мұғалімдеріне арналған семинар-тренинг бағдарламасы бойынша «Информатика пәнінен оқушыларды ғылыми – зерттеу жұмысына бағыттау әдістері» тақырыбымен әдістемелік көмек ретінде семинарда іс тәжірибіесімен бөлісті.

1. Бірлестік мұғалімдерінің байқау, олимпиада, ғылыми практикалық конференцияларға көбірек қатысуын жетілдіру.

Биылғы оқу жылында оқушылар түрлі интернет, пәндік олимпиадаларға қатысып, жүлделі орындарды иеленді. Айта кетсек, пәндік олимпиаданың аудандық кезеңіне өтіп жүлделі орын иеленген оқушылар: география пәні бойынша Абдрахманова Жанеля II-орын, Мусин Нияз III-орын, пән мұғалімі Аубакирова А.А. Математика пәні бойынша Мекеева Каусар III-орын, пән мұғалімі Беделбек Лара. Математика пәні бойынша Еренғали Зейнеп III-орын, пән мұғалімі Нұрмағанбетова Н.Б. Математика пәнінен Ермек Айлин алғыс хат, пән мұғалімі Карабаксина Г.И. Ұлттық олимпиаданың аудандық кезеңіне география пәні бойынша 3 оқушы өтіп, Муса Ильям III-орын, Кудабаяев Арнат III-орын, Тұңғышбек Нұрасыл I-орын иеленді, 2 оқушы облыстық кезеңге өтті. Ұлттық олимпиаданың облыстық кезеңінде Тұңғышбек Нұрасыл II-орын, пән мұғалімі Алтайбаева Ж.М. Кудабаяев Арнат III-орын, пән мұғалімі Аубакирова А.А. Информатика пәнінен «Дарынды 1000 бала» Республикалық дарынды оқушылар байқауынан «Қазақстан дарыны» I дәрежелі диплом, төсбелгі, статуетка, куәлік алтыншы сынып оқушысы Ұланұлы Бекарыс иеленді. «Сарыарқа дарыны» 1 – 6 сынып оқушылары арасында «ЗЕРДЕ» республикалық зерттеу жобалары конкурсының аудандық кезеңінен «Информатика, робототехника» секциясынан I орын Мұсабекова Іңкәр, пән мұғалімі Әділхан Н.Ә. 2022-2023 оқу жылымен салыстырғанда сапа жоғары. Физика пәнінен 9-11 сынып оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндерден Республикалық олимпиаданың аудандық кезеңінен өтіп, облыстық кезеңнің қатысушысы Шәкәрім Нұртаза 9-сынып, Физика-математика ғылымының докторы, профессор, ҚазССР Ғылым Академиясының академигі Темірғали Кокетаев атындағы 1-ші облыстық олимпиададан Алхыс Хат Егінбай Бексұлтан 11 сынып. Физика пәнінен 7-9 сыныптар арасында аймақтық «Физикалық колейдоскоп» олимпиадасы Мусин Никита 3 орын (9-сынып) Есберген Алибек 3 орын (9-сынып), Гаппасов Ильяс сертификат (8 сынып). Пән мұғалімі Аримбаев С.М. Биылғы оқу жылында ғылыми зерттеу жұмыстарына оқушылар қатыстырылмады.

2. Бірлестік пән мұғалімдерінің қабілеті жоғары білім алушылармен ғылыми зерттеу жұмыстарын жүйелі жүргізу.

Мектепшілік олимпиада ұйымдастырылды. Олимпиада қашықтықтан өткізіліп, жүлделі орын алған оқушылар марапатталды.

| 2021-22 оқу жылы | Марапаталды | 2022-23 оқу жылы | Марапаталды | 2023-23 Оқу жылы | Марапаталды |
|------------------|-------------|------------------|-------------|------------------|-------------|
| 84 білім алушы | 65 | 45 білім алушы | 24 | 72 | 54 |

3. Қабілеті жоғары білім алушылармен нәтижеге бағытталған жүйелі жұмыс жүргізу.

2023-2024 оқу жылында жалпы білім сапасы математика 62, геометрия 44, биология 76, география 72, физика 68, химия 65, информатика 80. 2022-23 оқу жылымен салыстырсақ сапа тұрақты.

4. Пән мұғалімдері тиімді әдіс-тәсілдерді пайдаланып, ерекше нәтижеге қол жеткізу, яғни білім сапасын арттыру.

Жыл соңында пән бірлестігі келесі оқу жылына мынадай міндеттер қойды.

1. Жоғарғы және зерттеуші педагог біліктілігі санатындағы мұғалімдердің үлесін көбейту.

2. Пән мұғалімдерінің байқау, олимпиада, ғылыми практикалық конференцияларға көбірек қатысуын жүктеу.

3. Пән мұғалімдерінің қабілеті жоғары білім алушылармен ғылыми зерттеу жұмыстарын жүйелі жүргізу.

4. Пән мұғалімдері білім алушылардың бос уақытын тиімді пайдалану шараларын жүйелі ұйымдастырып, шығармашылық қабілетін дамыту жұмыстарын жүргізу.

5. Қабілеті жоғары білім алушылармен нәтижеге бағытталған жүйелі жұмыс жүргізу.

6. Пән мұғалімдері тиімді әдіс тәсілдерді пайдаланып, ерекше нәтижеге қол жеткізу, яғни білім сапасын арттыру.

7. Мұғалімдерге жаңа педагогикалық технологиялар мен инновацияларды меңгеруге, өз тәжірибесіне енгізуге көмек көрсету.

8. Мұғалімдердің әдістемелік шеберлігін, кәсіби деңгейін арттыру арқылы сапалы білімге қол жеткізу.

9. Үлгерімі төмен оқушылармен үздіксіз жұмыс жүргізу.

Жаратыстану-математикалық пәндер әдістемелік бірлестігінің тақырыбы:

«Жеке тұлғаның танымдық қабілеттерін дамыту білім сапасын арттыру жолы»

Жаратылыстану-математикалық пәндер әдістемелік бірлестігінің мақсаты:

«Білім берудің жаңашыл жетістіктерін пайдаланып, білім алушыларға нәтижелі білім беру».

Орындаған жаратылыстану-математика пән бірлестігінің жетекшісі:
Аубакирова А.А